


The Holy Qur'an
With Kazak
& English
Translations

KKDN : PQ/Q.1001/1.2/Q/154/2007



ACKNOWLEDGEMENTS

1. Mr Kairat Satybaldyuly
2. Mufti Absattar Derbesali
3. Dr. Myrzakozha Diyas
4. Restu Foundation Malaysia
5. Committee Members of al-Qur'an Text Control (Ministry of Home Affairs, Malaysia)
6. The Late al-Hafiz Ghulam Sarwar (ingilizce meal)
7. Mr. Smanov Absattar (Kazakça meal)



AL-QUR'AN AL-KARIM
WITH ENGLISH & KAZAK TRANSLATION



RESTU FOUNDATION



SELANGOR
ISLAMIC ARTS
GARDEN COMPLEX

Published by : Restu Foundation


First published 2010 M / 1431 H

ISBN 978-967-5296-02-4
ISBN 978-967-5296-03-1

Selangor Islamic Arts Garden Complex
No 2A, Persiaran Damai, Section 10,
40100 Shah Alam, Selangor Darul Ehsan, Malaysia.

Telephone : +603-5511 9001/2/3
Fax : +603-5512 3780/88
Website : www.restu-art.com

Restu Foundation is a non-profit organisation. Proceeds from all the activities will be used for the propagation of Islamic knowledge.


AL-QUR'AN
AL-KARIM
THE HOLY QUR'AN TEXT
AND TRANSLATION IN
KAZAK AND ENGLISH

КІРІСПЕ

Dr. Myrzakozha Diyas

بِسْمِ ٱللَّهِ ٱلرَّحْمَٰنِ ٱلرَّحِيمِ

ٱلْحَمْدُ لِلَّهِ رَبِّ ٱلْعَالَمِينَ، وَٱلصَّلَاةُ وَٱلسَّلَامُ عَلَىٰ سَيِّدِنَا مُحَمَّدٍ وَعَلَىٰ آلِهِ وَصَحْبِهِ أَجْمَعِينَ.

Құран Кәрімді басып шығару – біз үшін зор мәртебе әрі үлкен жауапкершілік.

Мұсылман мен өзге дін өкілдері бір шаңырақтың астында өмір сүріп жатқан біздің қоғамға қандай үлес қосуға болады деп ұзақ толғандым. Нәтижесінде Аллаһ Тағаланың Сөзін араб, ағылшын, қазақ және орыс тілдерінде тарату ең ізгі да игілікті іс болады деп ұйғардым.

Алайда түпнұсқадағы ғажайып мәтіннің сұлулығы мен сөз байлығын ешбір тіл жеткізуі мүмкін емес. Сондықтан оны оқырман терең ұғынуы үшін Құранның мағыналық аудармасын жасауда қажырлы еңбек қажет.

Кітапты Малайзияда басып шығаруымыздың себебі бұл елдің кітап дизайн мекемелері және баспаханалары діни еңбектерді баспаға әзірлеу мен басып шығару саласында да, әрі Азия елдерінің мәнері мен қазақша, арабша нақыштарды қолданып кітап дизайнын жасақтауда бай тәжірибесі бар.

Бүгінгі таңда бүкіл әлемде Ислам жайлы қате пікір қалыптасып, Исламды көбінесе терроризм, экстремизм, фундаментализммен байланыстыру үрдісі байқалады. Егер адам Исламның негізін түсініп, жүрегімен таныса, жақын-жуығының да, көршісінің де, көптің де қамын жейтін азамат болып қалыптасар еді. Айналасына, жан-жануарға қамқорлықпен қарап, өркениет жемістерін орынды жұмсар еді. Ісіне адал болып, көлік айдағанда, полиция сақшысы байқамаса да, бәрін Көруші Алла Тағала назарында екенін түйсінер еді.

Құранның бұл басылымы сатылмайды әрі тек сөреде шаң басып жатуы жөн емес. Өкінішке қарай, қазақ арасында Құранды тек тұмар ретінде сақтап қою белең алған. Анығында, Құран – оқуға арналған, үнемі басшылыққа алатын өмірлік нұсқау болса керек. Құранның заңдары мен бұйрықтарын терең түсініп, көкейге түйіп, іске асыру үшін

қайта-қайта оқу керек. Құран жақсылық пен жамандықтың, ақ пен қараның арасын айырады.

Құран – Аллаһтың кітабы. Оның кейбір аяттары анық, ал кейбіреулері астарлы, түсіндіруді қажет етеді. Шындығында, асығыстықпен бәрін ұғындық деп, өзімізді өнегелі мұсылман деп атағымыз келеді, алайда Алланың әмірін үнемі орындай бермейтініміз рас. Мәселен, күнделікті тамағымызды алатын болсақ, халал мен харамның ара-жігін ажырату қажет. Қазақтың көпшілігі тек шошқа етін ғана харам деп есептейді. Алайда Құранға жүгінсек, кейбір талаптарға сай келмеген қой еті мен сиыр еті харам. Осы еңбекке Құран мәтінінен басқа Ислам туралы, пайғамбарлар жайлы (оларға Алланың игілігі болсын!), намаз, ораза, зекет, қыздың қалыңмалы және өзге де негізгі мәселелерді енгіздік.

Құранды өмірдің әртүрлі кезеңдерінде қайта-қайта оқудың тағы бір қажеттігі бар, өйткені есейіп, тәжірибе көбейген сайын оның сөзін тереңірек түйсіне бастайсың. Осыған дейін мағынасы түсініксіз болған кейбір сөздері жаңа қырынан ашылып, Құран Кәрімнің саралығы мен даралығы жарқырап көрінеді. Алланың Сөзі жүрекке терең бойлап, жүйкеңді шымырлатып, көзге жас үйіртеді.

Менің пайымдауымша, Құранның негізі– Таухид, яғни бір Алланы құлшылыққа лайық құдай деп тану. Басшыға, банкінің бастығына, әлдебір атақты адамға емес, тек Аллаһ Тағалаға ғана табыну керек, тек Оны ғана мінәжат ету керек. Аллаға шүкірлік етіп, кешірім мен рақымды тек Аллаһ Тағаладан ғана сұра. Жүзін сан құбылтып, әр түрлі кейіпте келетін көпқұдайшылықтан, пұтқа табынудан сақтан, аулақ бол. Көркем мінезді, парасатты, ілтипатты, қайырымды адам бол. Міне, Құран осыған үйретеді.

Адам пенде болғандықтан жаңылады, тура жолдан тайқып, намаз оқи жүріп, қажылыққа барып келіп те ұрлыққа ұрынып, алдап-сулауға салынып та кете береді. Сондықтан, әуелі - иман, содан соң ғибадат. Өйткені сақал мен сәлде тақуалықтың нышаны емес. Адамның қылықтары жағымсыз болса, ол Аллаға да сүйкімсіз, адамға да сүйкімсіз.

Ең бастысы - тек Алла ғана құлшылыққа лайық және Мұхаммед Оның елшісі.

Дияс Мырзақожа, химия ғылымдарының докторы.

Surah Al-Fatihah
Фатиха сүресі


Фатиха сүресі (1)

1. Мейірімді және Рақымды Аллаһтың атымен (бастаймын).
2. -3.-4. Мадақ - алғыс түгел әлемдердің Қожасы, Мейірімді және Рақымды, Қиямет- Жаза күнінің Әміршісі – Аллаһ Тағалаға тән.
5. Өзіңе ғана құлшылық етеміз және Өзіңнен ғана жәрдем сұраймыз.
6. -7. Біздерді (Өзіңнің) қаһарыңа ұшырағандардың және адасқандардың емес, Өзің нығметке бөлендіргендеріңнің жолы болған тура жолмен бастай көр.

Surah Al-Fātiḥah (1) (The Opening)

1. In the Name of Allah, the Most Gracious, the Most Merciful.
2. All praise is due to Allah, Lord of all the worlds,
3. The Most Gracious, the Most Merciful.
4. Master of the Day of Judgment.
5. You alone do we worship, and You alone do we ask for help.
6. Show us the Straight Path,
7. The Path of those whom You have bestowed Your blessings, not of those upon whom be Your wrath, nor of those who go astray.

7 Ayat



Фатиха сүресі (1)

1. **Мейірімді және Рақымды Аллаһтың атымен** (бастаймын).
2. **-3.-4. Мадақ - алғыс түгел әлемдердің Қожасы, Мейірімді және Рақымды, Қиямет- Жаза күнінің Әміршісі – Аллаһ Тағалаға тән.**
5. **Өзіңе ғана құлшылық етеміз және Өзіңнен ғана жәрдем сұраймыз.**
6. **-7. Біздерді** (Өзіңнің) **қаһарыңа ұшырағандардың және адасқандардың емес, Өзің нығметке бөлендіргендеріңнің жолы болған тура жолмен бастай көр.**

Surah Al-Fātiḥah (1)
(The Opening)

1. In the Name of Allah, the Most Gracious, the Most Merciful.
2. All praise is due to Allah, Lord of all the worlds,
3. The Most Gracious, the Most Merciful.
4. Master of the Day of Judgment.
5. You alone do we worship, and You alone do we ask for help.
6. Show us the Straight Path,
7. The Path of those whom You have bestowed Your blessings, not of those upon whom be Your wrath, nor of those who go astray.

بِسۡمِ ٱللَّهِ ٱلرَّحۡمَٰنِ ٱلرَّحِيمِ ١
ٱلۡحَمۡدُ لِلَّهِ رَبِّ ٱلۡعَٰلَمِينَ ٢ ٱلرَّحۡمَٰنِ
ٱلرَّحِيمِ ٣ مَٰلِكِ يَوۡمِ ٱلدِّينِ ٤
إِيَّاكَ نَعۡبُدُ وَإِيَّاكَ نَسۡتَعِينُ ٥
ٱهۡدِنَا ٱلصِّرَٰطَ ٱلۡمُسۡتَقِيمَ ٦
صِرَٰطَ ٱلَّذِينَ أَنۡعَمۡتَ عَلَيۡهِمۡ غَيۡرِ
ٱلۡمَغۡضُوبِ عَلَيۡهِمۡ وَلَا ٱلضَّآلِّينَ ٧